



**Автор:** Қойшыбаева Гүлдана Жасқайратқызы

**Пән:** Биология

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Бөліп шығару

**Тақырып:** Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	8.1.5.1 – адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау
Сабақ мақсаттары	Барлығы үшін: адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысын түсіну. Көпшілігі үшін: адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін талдау. Кейбіреулері үшін: адамның зәр шығару жүйесі мүшелері (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) құрылымын сипаттау.
Бағалау критерийі	- адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысын түсінеді. -адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін талдайды. -адамның зәр шығару жүйесі мүшелері (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) құрылымын сипаттайды.
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы: 1.Зат алмасудың соңғы өнімдері..... шығарылады. 2. Зәр шығару жүйесін зерттейтін ғылым..... деп аталады.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» ұлттық идеяға сай құндылығы: Денсаулық –басты байлық. Тау деме, азат, ақыл, адал көңіл – үшеуімен болады бақытты өмір.....Әйтеке би
Пәнаралық байланыс	Медицина - бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы Халық педагогикасы - мақал-мәтелдер, нақыл сөздер Валеология – салауатты өмір салты Гигиена – жеке бас гигиенасы
Алдыңғы білім	8.1.4.3 – өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін есептеу

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5 мин)</p>	<p>Жағымды психологиялық ахуал туғызу. Алдымен оқушылармен амандасу, түгелдеу, сергіту сәтін жасату. «Шаттық шеңбері». Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз солға бір, Бұрыламыз оңға бір. Біздер тату баламыз, Гүл - гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. «Мозайка» әдісі бойынша топқа бөлінеді. «Кубизм» әдісі бойынша үй тапсырмасына бірнеше сұрақтар қойылады (кубиктің алты жағындағы жетелеуші сұрақтар бойынша әр топтан 2 оқушыдан шығып, кубикті лақтырады) 1.Өкпенің құрылысы қандай? 2.Өкпе көпіршектерінің құрылысы қандай?Ол қандай қызмет атқарады? 3.Өкпе көпіршектері тағы қандай қосымша қызмет атқарады? 4.Өкпедегі газ алмасудың механизмі қандай? 5.Тыныс алуда қанайналым жүйесі қандай рөл атқарады? 6. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын өлшейтін құрал? Бағалау: Үш шапалақ</p>	<p>Кеспе қағаздар Кубик Оқулық Алматы «Мектеп»2018 Очкур Е.А. Аманжолова Л.Е. Құрманғалиева Ж.Ж.</p>
<p>Сабақтың ортасы (30 мин)</p>	<p>Тж. 1 тапсырма.Ой шақыру. «Бірге ойлаймыз»әдісі Интербелсенді тақтадан «Зәр шығару жүйесі» туралы бейнеролик көрстеу. Сұрақ: Бұл не? Не үшін қажет? Дескриптор: -адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысын түсінеді. Бағалау «Бағдаршам» 2 тапсырма. Жж. «Ойлан, жұптас,бөліс» әдісі. Постер қорғау. 1 топқа- Зәр шығару жүйесіне жалпы сипаттама беріңіз? 2 топқа- Зәр шығару жүйесінің құрылысын атаңыз? 3 топқа- Зәр шығару жүйесінің қызметін сипаттаңыз? Дескриптор: - зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттады. -зәр шығару жүйесінің құрылысын атады. -зәр шығару жүйесінің қызметін сипаттады. Бағалау «Басбармақ » 3-тапсырма «Сиқырлы сандық» әдісі (жауаптарын жақшаның ішіне толтырады) 1.Қандай мүшелер арқылы зат алмасудың соңғы өнімдерін шығарады?(Бүйрек,өкпе,тері т.б.) 2.Зәр шығару қандай мүшелерден тұрады?(Бүйрек, несепәғар,куық) 3.Зәр қайда жинақталады?(Қуықта ) 4.Бүйректе түзілетін сұйықтық?(Зәр ) 5.Бүйректің негізгі қызмет атқаратын мүшесі?(Нефрон) 6.Үрмебұршақ тәрізді жұп мүше.(Бүйрек) 7.Зәр не арқылы шығарылады?(Зәр өзегі) 8.Бүйрек сырты қандай затпен қапталған?(Қоңырқай қыртысты қабатынан) Дескриптор: - адамның зәр шығару жүйесі мүшелері (бүйрек, несепәғар, куық, несеп жолы) құрылымын талдады. Өзара бағалау</p>	<p><a href="https://bilimland.kz">https://bilimland.kz</a> Оқулық Алматы «Мектеп»2018 Очкур Е.А. Аманжолова Л.Е. Құрманғалиева Ж.Ж.</p>
<p>Сабақтың соңы (5 мин)</p>	<p>Рефлексия: «Ай» әдісі арқылы (жаңа ай, жарты ай, толық ай) кері байланыс стикерін таратады. Толық ай - сабақты толық түсіндім; Жарты ай - мен жартылай түсіндім; - Жаңа ай - менің түсінбегенім басымдау болды. Үйге тапсырма беру: тақырыпты оқу.</p>	<p>А</p>